

## «Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша айлық жоспар 2025–2026 оқу жылы

Айы: Ақпан

Тақырып: Көктемге дайындық. Табиғат құбылыстары

### Мақсаты:

Балаларды табиғаттағы өзгерістермен және көктем мезгіліне тән құбылыстармен таныстыру, «күн», «жаңбыр», «гүл», «жапырақ», «жылу» сияқты сөздерді қазақ тілінде айтуға үйрету, қоршаған ортаға қызығушылық пен сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

### Міндеттері:

1. Табиғат құбылыстарының атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету (күн, жаңбыр, бұлт, жел, жылу);
2. «Қай мезгіл келді?», «Не өзгерді?» сұрақтарына жауап беруге дағдыландыру;
3. Балалардың тілін, сөздік қорын және сөйлеу белсенділігін дамыту;
4. Табиғаттағы құбылыстарды бақылау арқылы байқағыштық пен ойлау қабілетін жетілдіру;
5. Табиғатты сүйуге және қорғауға тәрбиелеу.

### Тілдік материал:

Сөздер мен сөз тіркестері: күн, жаңбыр, бұлт, жел, жылу, көктем, бәйшешек, гүл, жапырақ, су, аспан.

### Сұрақ үлгілері:

- Қай мезгіл келді?
- Не өзгерді?
- Көктемде не болады?

### Сөйлем үлгілері:

- Күн шықты.
- Жаңбыр жауды.
- Гүл өсті.
- Ауа жылынды.

### Іс-әрекет мазмұны:

Күтілетін нәтиже	Оқу іс-әрекеттері мен ойын түрлері	Әдістемелік түсіндірме және мазмұн
Көктем құбылыстарын қазақ тілінде атай алады	□Өлең жаттау: «Көктем келді» өлеңін қимылмен орындау.	Әуен ырғағымен айтқызу арқылы есте сақтау мен сөйлеуді дамыту.
Табиғат құбылыстарын түсінеді	✚Ойын: «Жаңбыр жауды» – балалар алақандарын соғып жаңбыр дыбысын бейнелейді.	Есту арқылы сөзді бекіту және қимылмен байланыстыру.
Сөздік қоры кеңейеді	✚Сөздік жұмыс: жапырақ, гүл,	Суретпен және нақты

Күтілетін нәтиже	Оқу іс-әрекеттері мен ойын түрлері	Әдістемелік түсіндірме және мазмұн
	бәйшешек, көктем, күн, жылу.	заттармен жұмыс.
Мезгілді ажырата біледі	□□ <b>Дидактикалық ойын:</b> «Қай мезгіл?» – суреттер арқылы көктемді табу.	Балалар «Бұл – көктем» деп жауап береді.
Эстетикалық талғамы дамиды	☞ <b>Шығармашылық жұмыс:</b> «Жаңбырдан кейінгі кемпірқосақ» суретін салу.	Түстер мен табиғат элементтерін дұрыс қолдануға үйрету.
Қимыл мен тілін үйлестіреді	⇒ <b>Қимылды ойын:</b> «Күн шықты – бұлт басты» – тәрбиеші айтқан сөзге сәйкес қимыл жасайды.	Сөзді тындау және әрекет арқылы түсіну қабілетін арттыру.
Сөйлеу және ойлау қабілеттері дамиды	□□ <b>Әңгімелесу:</b> «Қыстан көктемге» – «Қыста суық, көктемде жылы».	Салыстыру, қарапайым сөйлем құрастыру дағдысы қалыптасады.
Шығармашылық және рөлдік қабілеті дамиды	✳ <b>Рөлдік ойын:</b> «Табиғат зерттеушілері» – балалар өсімдіктер мен табиғат құбылыстарын сипаттайды.	«Бұл гүл өсіп келеді», «Күн жылынды» деген сөйлемдер құрау.
Есте сақтау қабілеті артады	✚ <b>Тақпақ жаттау:</b> «Бәйшешек шықты».	Тақпақты мәнерлеп, қимылмен айту.

#### Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- Тындау және қайталау әдісі;
- Көрнекілік пен қимылды жаттығу;
- Сұрақ-жауап, әңгімелеу;
- Дидактикалық және рөлдік ойындар;
- Өлең, тақпақ жаттау және шығармашылық сурет салу.

#### Көрнекіліктер:

Көктем мезгілі бейнеленген суреттер, гүлдер мен жапырақ макеттері, кемпірқосақ үлгісі, аудио жазба (жаңбыр, жел, құс үні), түрлі түсті бояулар мен қағаздар.

#### Күтілетін нәтижелер:

- ✓ Балалар көктем мезгілінің белгілерін қазақ тілінде атай алады (күн, жаңбыр, гүл, жапырақ);
- ✓ «Көктем келді» және «Бәйшешек шықты» өлеңдерін мәнерлеп айтады;
- ✓ «Қай мезгіл келді?», «Не өзгерді?» сұрақтарына қазақша жауап береді;
- ✓ Қарапайым сөйлем құрай алады («Күн жылынды», «Жаңбыр жауды», «Гүл өсті»);

- ✓ Табиғатқа қызығушылық танытып, бақылағанын суретпен жеткізеді;
- ✓ Қазақ тіліндегі ойындарға белсенді қатысады және қимылмен қолдайды.

#### **Тәрбиелік маңызы:**

Балаларды табиғаттың әсемдігін сезінуге, оны аялауға, экологиялық мәдениетке және бақылаушылыққа тәрбиелеу.

#### **Пәнаралық байланыс:**

- **Қоршаған ортамен танысу:** көктем құбылыстары;
- **Көркем әдебиет:** өлең, тақпақ жаттау;
- **Музыка:** көктем туралы әндер тыңдау;
- **Бейнелеу өнері:** сурет салу және аппликация;
- **Дене шынықтыру:** қимылды ойындар.

#### **Бағалау:**

- Көктем құбылыстарын атауы;
- Сұрақтарға қазақша жауап беруі;
- Өлең мен тақпақты жаттау деңгейі;
- Қарапайым сөйлем құрастыру қабілеті;
- Белсенді қатысу және қызығушылық танытуы.

#### **Ұйымдастыру ұраны:**

☘ «Күн жылынды – көктем келді!»

☘ «Табиғатты сүйеміз, тіл үйренеміз!»



**«Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша айлық жоспар 2025–2026 оқу жылы**

**Айы: Ақпан**

**Радуга мектепалды тобы**

**Тақырып: Көктемге дайындық. Табиғат құбылыстары**

**Мақсаты:**

Балаларды табиғаттағы өзгерістермен және көктем мезгіліне тән құбылыстармен таныстыру, «күн», «жаңбыр», «гүл», «жапырақ», «жылу» сияқты сөздерді қазақ тілінде айтуға үйрету, қоршаған ортаға қызығушылық пен сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/reel/DVdwRaVDBfM/?igsh=MWFmYzFrZWdqqbHV0dg==>